



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

010000, Нұр-Сұлтан, Мажилис Парламента

20__ жылғы “__” _____

«__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

2019 жылғы 25 қыркүйекте жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер - министрі
А.Ұ.Маминге

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы !

Елімізде Елбасы қолдауымен «Рухани Жанғыру» атты маңызды бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда, сонымен қатар Президент ағымдағы 2019 жылы өз жолдауында «Алтын Орданың - 750 жылдығына» арналған іс-шаралар жоспарын қолдап отыр.

Жақында жұмыс аясында Атырау облысында болып, биыл 20 жыл толған - 1999 жылы 3 қыркүйекте Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей қолдауымен ашылған Сарайшық музей қорығында атқарылып жатырған жұмыстарымен таныстық. Сөз жоқ атқарылған жұмыстар баршылық. Біріншіден, 2018 жылы Ақ Жайықтың өр суы тоқтатылып, Ортағасырлық Сарайшық жағалауы толық бекітілді, су шаю қаупі жойылды. Екіншіден, 2018 жылы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 162 Қаулысы бойынша «Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы - Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды. Үшіншіден, Жайық жағалауындағы қазба орындарында реставрациялық жұмыстар басталды. Бүгінде Казреставрация мекемесінің 2 жабындысы тұрғызылған.

Музей-қорық жағдайымен танысқан соң еліміздің атын шығаратын әлемдік деңгейде танымал, Ұлы Жібек жолының Азиядан Еуропаға өтер

алтын көпірі болған, Ертістен Дунайға дейінгі ұлан-байтақ аймақты билеген Жошы Ұлысы – Алтын Орданың рухани астанасы ретінде мойындалған, Алтын Ордада мұсылман дінін мемлекеттік дін ретінде шешім қабылдаған, Ноғай Ордасы мен Қазақ Хандығының астанасы деп есептелген, атақты Қасым ханның Ақ Ордасы болып, Қазақ мемлекетінің саясатын жүргізген, даңқты билеушілер - Жошы ұлысының хандары Мөңке Темір, Тоқты, Әз Жәнібек, Бердібек, Тоқтамыс, Ақ Орда ханы, Қазақ хандарының атасы Барақ, Қазақ хандығы ханы Қасым, оның баласы Мамаш ханның, Ноғай билері Әмір Оқас, Шейх Мамай, Жүсіп, батырлар Ер Тарғын мен Қамбар және де өзге тұлғалардың мәңгілік мекеніне айналған Сарайшыққа толыққанды мән беріп жүрміз бе деген сұрақ алдымыздан шықты. Жұмыс барысында Сарайшықты туризм аймағына айналдыруға толық болатынына көзіміз жетті.

Осыған байланысты, Сарайшық қалашығы бойынша бірнеше мәселелердің шешімін қарастыруды сурап отырмыз. Біріншіден, музей қорықтың материалдық техникалық базасы заман талабына сай емес, 2019 жылға қаражат бөлінбеген. Осы мақсатта салынатын жаңа Сапар орталығын тездетіп қолға алу аса маңызды. Оған жер бөлінген, құжаттары дайындалуда. Бірақ уақыт созбаған дұрыс деп санаймыз. Сарайшық қалашығына археологиялық және реставрациялық жұмыстарға қаражат бөлу мәселесі қатар шешімін табуы маңызды.

Екіншіден, қазбаларды аралай жүріп, Ортағасырлық Сарайшықтағы құрылыс кешендерін қалпына келтіруге болатынына көзіміз жетті. Мәселен, Керуен сарай немесе биік қорғандар т.б. Ол үшін, Сарайшықта шағын құрылыс цехын ашып, құрылыс материалдарын Сарайшықтың өз саз балшығынан жасау қажет шығар. Бұл арада бүгінге дейін жасалған реставрациялық жұмыстар, олардың құрылыс материалдары сын көтермейді. Бұл жұмысты музей қорық мамандары толық атқара алады, бүгінге дейін Ортағасырлық Сарайшық қалашығының қорғау аймағы бекітілмеген. Оны тездету қажет.

Сарайшық қалашығының тарихына, мұраларына ғылыми негіз беру заман талабы. Бұл арада қалашыққа қатысы бар архивтік деректер әлемнің архивтеріне, ал Сарайшық жәдігерлері әлемнің музейлеріне шашырай таратылған. Оларды Ресей, Қытай, Иран, Европа елдерінен алдыру немесе көшірмелерін жасату аса маңызды.

Сол себепті, Сарайшық қалашығына арналған арнайы Үкіметтің кешенді шешімі шығарғаны жөн деп санаймыз.

Жауабын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде және болашақта қабылданатын жаңа шараларыңыз жайлы жазбаша беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
Депутаттар**

**С.Сейдуманов
Ф.Қаратаев**

№ исх: ДС-136 от: 26.09.2019

орынд. М.Мұратова
тел. 74-68-78.эл.почта: muratova@parlam.kz